

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

Л.Н.ГУМИЛЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ «КӨНЕ ТҮРІКТЕР» ЕҢБЕГІ: ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Искакова К.И.

филос.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

Оразаев С.Б.

тарих магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Л.Н.Гумилевтің еңбектерін оқу арқылы біз бабаларымыздың тарихын, салт-дәстүрі мен діні жайында да жан-жақты, толыққанды мәліметтер ала аламыз. «Бұл кітап 1935 ж. 5 желтоқсанында басталған еді. Содан бері ол бірнеше рет қайта өңделіп, толықтырылды. Алайда ол көне түріктер тарихына байланысты мол материалдың бәрін сарқып, барша проблемаларды қамти алмады. Сондықтан да зерттеуді жалғай беру құр тілек қана емес, қажетті де іс болып отыр. Кезінде осынау жұмысты жасауға маған көмектескен және арамыздан баяғыда кеткен кісілер — менің тамаша жолашарым Г. З. Грумм-Гржимайло, ұстаздарым Н. В. Кюнер, А. Ю. Якубовский мен акад. В. В. Струвелерді өмір бойы есімде сақтаймын. Осындай реті келіп тұрғанда оқытушым М. И. Артамонов, бұл кітапты басып шығаруға ұсынған профессорлар С. Л. Тихвинский мен С. В. Калесникке, достарым Л. А. Вознесенскийге, Д. Е. Алшибайға ризалығымды білдіремін. Сол сияқты ақыл-кеңесі мен сын айтқаны үшін барша рецензенттерім: И.П. Петрушевскийге, В.В. Мавродинге, М. А. Гуковскийге, А. 77. Окладниковке, М. В. Воробьевке, А.Ф. Анисимовқа, Б. И. Кузнецовқа, С.И. Руденкоға, Т. А. Крюковке алғыс айтамын. Ең соңынан өзім тарихшының биік кәсібін оқып үйренген бәрімізге ортақ alma mater — Ленинград университетіне ыстық ықыласымды білдіремін. - деп жазды Л.Н.Гумилев өзінің «Көне түріктер» атты кітабында [1,5].

«На фоне мировой истории история древнетюркского народа и созданной им державы сводится к вопросу: почему тюрки возникли и почему исчезли, оставив свое имя в наследство многим народам, которые отнюдь не являются их потомками? Попытки решить эту проблему путем анализа только политической истории или только социальных отношений делались неоднократно, но не дали результатов», - деп жазады Л.Н.Гумилевтің өзі «Древние тюрки» деген еңбегінің «Кіріспе» бөлімінде [2,6]. Бұл еңбектің көне түріктер деп аталған ұлы халықтың тарих беттерінде пайда болуынан бастап, жойылуына дейінгі тарихын қамтитындығын кітаптың атауынан да аңғаруға болады. 1967 жылы шыққан «Көне түріктер» еңбегі жалпы түрік халқының пайда болуынан бастап, дамуы мен ұлы мемлекетке айналуын, мәдениеті мен әдебиеті, діні, салт-санасын түгелімен қамтиды.

Л.Н.Гумилевтің өзі 1992 жылы берген соңғы сұхбатында өзінің ғылыми биографиясының қорытындысын былайша тұжырымдады: «Смысл моей жизни отчасти был в том, чтобы восславить и воздать должное кочевым народам Еуразии, которых я искренно любил». Осы пікірінен-ақ Гумилевтің түрік халықтарына деген көзқарасының түзу болғанын байқай аламыз. Бұл кітапты өзіміздің ағайынымыз Кеңес одағының түрік халықтарына арнаймын дейді Лев Гумилев «Көне түріктер» еңбегінде

Л.Н. Гумилевтің көне түріктер тарихына арналған кандидаттық және докторлық диссертациялар негізге алсақ, ол – тарихшы шығыстанушы. Сонымен қатар Лев Николаевичті түрколог ретінде тануға болады, алайда бұл мамандық түркі халықтарының тілі мен әдебиетін зерттейтін филологиялық, лингвистикалық бағыт болып табылады, ал бұл Л.Н. Гумилевтің ғылыми қызығушылығымен мүлдем сәйкеспейді. Оның шығармашылығын жинақтай келгенде, біз оның белгілі бір шығыс тілінің, аймағының немесе кезеңінің шеңберіне сыймайтын – шын мәніндегі еуразиялық масштабтағы ғалым екендігін мойындауымыз керек.

Л.Н. Гумилев – энциклопедист, жалпы тарихтың білгірі. Ғұндар мен көне түріктерді оқу арқылы ол уақыт өлшемі бойынша кейінгі орта ғасырды зерттеді. Л.Н. Гумилев Еуразияның дала халықтарының алдымен саяси, одан кейін этникалық тарихын зерттеу арқылы дәстүрлі филологиялық немесе әлеуметтік экономикалық шығыстану ғылымының

шеңберінен шығып кетті. Ол кез келген ғалымның бағына бұйырмайтын аймақтық (еуразиялық) тарих деңгейіне, содан барып әлем тарихының концептуалды деңгейіне көтерілді.

Енді диссертациямен жұмысты қашан басталғанын айтайық. «Көне түріктер» кітапшының алғы сөзінде Лев Гумилев бұл датаны 1935 жылдың 5 желтоқсаны деп көрсетеді, бұл Маныш археологиялық экспедициясынан кейін еді. Осы алғы сөзде өзінің «Норильск және Қарағандыда лагерде қамауда болған» достарына алғысын білдіреді. Сонда отырғанда ол анасына Г.Е.Грумм-Гржимайлоның «Батыс Моңғолия және Урянхай аймағы» кітабын беріп жіберуін сұрайды. Бұл еңбек өз ойларын дамыту үшін аса қажет болған секілді.

1953 жылдың қаңтар айында Лев Гумилев Омсктан анасына: «Грумм-Гржимайлоның кітабын тек қана География қоғамынан алуға болады; Кітапханаға барып оны қалай алуға болатыны жайында сұрастыр. Маған осы кітапты оқу өте қажет» деп хат жолдайды. 1954 жылы тамызда тағы да осы өтінішпен: «Маған осы жұмысты орындауға көмектескен барлық достарымды және менің досым, маған керемет жол сілтеуші болған бүкіл Орта Азия халықтарының тарихын асқақтатқан және соның танылуын күтумен дүниеден өткен Г.Е. Грумм-Гржимайло туралы өмір бойы жадымда ұстаймын» [3, 23].

Кейін Лев Гумилев «Түріктерді» қорғағанда, ең бірінші құттықтау осы Грумм-Гржимайлодан келді. Лев Гумилев өз кітабына «Түріктер не себепті пайда болып, өздерінің атын көптеген халықтарға, олардың ұрпақтары болмаса да өз аттарын мұраға қалдырып неліктен жоғалып кетті» деген мақсат қойды. Бұл Лев Гумилевтің «Хундарға» қойған мақсатынан да асып түсті, қайткені түрік қағанаты көлемі бойынша Хун империясынан үлкен болатын.

1947 жылы профессор Перушевскийдің қорғауға жіберу туралы рұқсаты бар, бұл кезде тарих факультетінде жіберу немесе жібермеу туралы сайыс жүріп жатқан болатын. Лев Гумилевтің кітабына екі белгілі ғалым – КСРО ҒА-ның корреспондент мүшесі А. Якубовский мен профессор М.И.Артамонов өте құнды пікір береді. А. Якубовский І Түрік қағанатының тарихы жөніндегі не шетел, не Кеңес әдебиетінде кездеспейтін аса құнды дерек көзі деп жазды. Сонымен қатар, ол саяси жағдайға берілген нақты талдауға назар аударды.

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі (II - V ғғ.) Қазақстанның, Орта Азия мен Шығыс Еуропаның этникалық және саяси картасын едәуір дәрежеде өзгертті. V ғасырда түркі тілдес теле (тирек) тайпалар одағының саны көп топтары Солтүстік Моңғолиядан Шығыс Еуропаға дейінгі далалық өңірге қоныстанды, оңтүстігінде олардың көшіп жүретін жерлері Әмударияның жоғарғы ағысына дейін жетті.

VI ғасырда Қазақстан жерлері құдіретті держава – билеушілері түрік тайпасының әулеттік ашин руынан шыққан Түрік қағанатының билігіне түсті. Түрік этносының өзі қағанаттың құрылар алдындағы кезеңде Ганьсу, Шығыс Түркістан және Алтай аудандарында III ғасырдан VI ғасырға дейін кезең-кезеңмен қалыптасты.

«Түрік» этнонимінің алғаш рет аталуы қытай жылынамаларында кездеседі және ол 542 жылға жатады. Қытайлар түріктерді сюннулердің (ғұндардың) ұрпақтары деп санаған. Шежірелерде бұл кезде қытайдың Вэй князьдігінің солтүстік өңірлеріне солтүстік-батыс жақтың бірінен келген түріктер жыл сайын шапқыншылық жасап, ойрандап кететін болды деп хабарланады. Олар туралы келесі мәліметтер бүкіл құрлықтағы тарихтың талай ғасырлар бойғы дамуына өзек болған оқиғаларға байланысты.

546 жылы тирек тайпалары қазіргі Моңғолияның оңтүстігі мен орталық бөліктерін мекендеген және бұл жерлерге үстемдік еткен жужаньдарға қарсы жорық жасайды. Батыс жақтан қаптай енген тиректер әскерінің саны жағынан қаншалықты көп болғаны белгісіз, бірақ олардың нөпірі сұсты болған деп топшалады.

Енді Лев Гумилев бойынша «Ұлы Түрік елі» дегеніміз не деген сұраққа жауап берелік. VI ғасырда ашына тайпасы ұлы державаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бұл қалыптасу 545 жылдан 581 жылы аяқталды. 545 жылы ашынаның ұлы Бумын қаған Жетісуда хун хандығын жойған төлеуіттерді бағындырды. Осы жылы оның ордасына Қытай елшілігі келеді. Бұл сол кездегі алпауыт державаның мойындауы болды, яғни мұнымен біз Ашына державасының халықаралық дәрежесін көтерілгенін байқаймыз. 552 жылы Бумын

Жужандарды жеңіп, 555 жылы түріктер Арал көлінің маңына дейін жетті. Бумынь өлгеннен кейін таққа оның інісі Қара-Еске отырады, оның бастауымен түріктер Орхонның жоғары жағында бір жердегі Букрат (Мула) тауларында жужандарды екінші рет жеңеді. Түріктер 552-554 жылдардың арасында шығыста қайлар (татарлар), қидандар және оғыз-татарлар тайпаларын, солтүстікте - Енисей қырғыздарын өздеріне қаратып алады.

Сөйтіп, түріктер бір жарым жыл ішінде Орталық Қазақстанды, Жетісуды және Хорезмді бағындырды. 558 жылы «өзіне бағынбағандардың соңынан қуып» Еділге дейін жетті [3, 35]. Бұл жылдары түріктердің батыста жасаған соғыс жорықтары бұлардан да күшті бола түседі. Бұларды Бумынның басқа бір інісі Иштеми бастайды, кейін оны батыс түріктерінің түпкі атасы және Батыс Түрік қағанатының негізін салушы деп атайды.

565 жылы эвталиттерді жеңіп, дала мен Соғдыларды біріктірді. Өздеріне Қырымда тірек мекенді қамсыздандырады, ал қолбасшының ордасын Таман түбегінде орнатып, 576 жылы Киммерийск Бұғазына (Керчен түбегі) шықты [1, 377].

Олар 579 жылы Қытайға басып кірді. Қытай мен Византия арасында сауда керуені Ұлы Жібек Жолын өз бақылауларында ұстады. Лев Гумилев өзінің кандидаттық диссертациясында 580 жылды Түрік қағанатының шарықтау кезеңі болатын деп көрсетеді. Белгілі Петербург Шығыстанушы Сергей Кляшторный «Түрік қағандары бірінші Еуразиялық империяның құрушылары болды. Олардан кейін бұны XIII ғасырда Моңғолдар, сосын XVІІІ-XIX ғасырда Ресей империясы қайталады,»-деп жазды.

Қағанат ұлан-ғайыр отарлы империяға айналды. Бір орталықтан империяның әртүрлі халықтарын өз қарамағында ұстауды қалай жүзеге асырды деген сұраққа Лев Гумилев бұл қатаң әлеуметтік жүйе болғанда ғана жүзеге асыруға болады деп жауап береді. Ал Түріктер оны жасап «ел» деп атады [36]. Бұл жерде Лев Гумилев этногенездің даулы мәселелерімен емес, әлеуметтік-саяси жүйесінен бастайды. Орталығында «Орда» ханның әскерімен, әйелдерімен, балалары мен қызметшілері тұратын бөлігі. «Қара Бұдұн» - түрік бектері мен халқынан құралды. Зерттеушіні материалды мәдениетінен гөрі қиын әлеуметтік институттары таңқалдырады: ел, еншілік-таспихтық жүйе, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдерінің идеологиялық жүйелеріне қарама-қарсы қоятын мұқият әзірленген дүниетаным [1]. Ашына ордасының Хун тайпалары мен бірігуі этножүйені қиындатты және оны қарсылыққа төтеп беретіндей, кейін жаулап алуға дайын етті. Этностың үйреншікті Ландшафтқа келуі көшпелі шаруашылықтың жандануына және өзіндік мәдениетінің дамуына алып келді. VI ғасырдың соңына қарай ежелгі түрік әдебиеті дүниеге келіп, жалпы түріктік әдеби тіл қалыптасты. VI ғ.аяғында мәдени төңкерістің нәтижесінде ежелгі түрік өркениетінің қалыптасуы басталды [3]. Лев Гумилевтің көзқарасы бойынша әлеуметтік қалпының өзгерісіне қарамастан (тайпалық одақтың орнына орда пайда болды) түріктер хундардың жалғасы екенін айта кеткен жөн. Қағанат өркендеген кезінде бөлшектенген Қытайдан күшті болды.

Ежелгі түріктер қысқа уақыт ішінде әлемдік мәні бар мемлекет құрып, батыс пен шығыс арасын қосты. Түрік мемлекетінің пайда болуы «белгілі бір дәрежеде адамзат тарихының бет бұрыс кезеңі болады, өйткені сол уақытқа дейін Жерорта теңізі мәдениеті мен қиыр шығыс мәдениеттері бір-бірінің өмір кешіп жатқанын білсе де аралары қосылмаған еді», - деп жазады автор. Түріктердің далалық империясы кемеліне келіп, толысып тұрған 580 жылы қағанат қарауындағы жерлер батысында Кавказ теріскей арқылы Византиямен, түскейінде Иран, Үндістанмен шектесіп жататындағы, шығысында Қытай шегіне тереңдей еніп кеткен еді.

Ұлы түрік қағандары ерлік эпосын осылай тасқа бәдіздеп қалдырып отырған. Жарау атты, ұзын найзалы түрік сарбазы жортуылда шөл дала, құба түзде басып, асқаралы таудан асып емін-еркін жүре берген. Шығыс пен Батыс арасындағы, Ұлы Жібек жолы деп аталатын керуен жолы негізінен түріктер қол астына қарайды. Сөйтіп Түрік Қағанаты әлемдік саясаттың аса маңызды тұрақты факторына айналады. Бірақ осыншама ұлан-байтақ жер енді ғана қалыптаса бастаған мемлекеттіктің шеңберінде ұзақ уақыт қала алмайтын еді. Олар іштен және сырттан болатын қысымға қарсы тұра аларлық өзара байланысты біртұтас

экономикалық және этникалық саяси организм бола алмады. VI және VII ғасырлар тоғысар кезеңде әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, олардың талай жылдарға созылған мал індеттерімен, жұттарымен және ашаршылықпен ушыға түсуі, Суй Қытайының қағанат шекараларына шабуыл жасауы, ақырында оның аудандарының автономиялану үрдісінің табиғи түрде басталуы жалпы Түрік қағанатының Батыс және Шығыс қағанаттары болып, екіге бөлінді. 625 жылы «екі орасан зор коалиция құрылады. Бірінші жағында- Қытай, Батыс түрік қағанаты, Иран мен аварлар мемлекеті» болады. Шығыс қағанат - бұл Моңғолия, мұнда жыл он екі ай көшпелі өмір сүретін муссондар. Ал, Батыс қағанат Тарбағатай мен Тянь-Шань тауының етегінде орналасты. Батыс қағанатта Ел орнына рулар көсемдері пайда болды. Он көсем он садақтың оғын белгі ретінде алды, сондықтан бұл этносты «он оқ бұдын» деп атады. Батыс түріктері мемлекетінің бірінші басшысы – қаған, жоғары билеуші, билеп-төстеуші, әскербасы болды. Ол нақты алғанда шығыс түрік қағанатына тәуелді болды, бұл оның таққа отыруына өз келісімін беретін немесе бермей де қоя алатын еді. Бірақ іс жүзінде шығыс түріктері де өздерінің інілеріне талай рет бағынышты болды. Қағанаттың астанасы және қағанның қысқы ордасы Шу аңғарындағы Суяб қаласы болды.

VII ғасырдың бас кезінде Батыс Түрік қағаны Ябғудың ордасында болған будда монахы Сюань Цзанның жазғандары қаған руының байлығы туралы біраз ұғым береді. Мемлекетте қағаннан кейінгі екінші адам ұлық болған. Қағанаттағы жоғарғы лауазымдар - ябғу, шад және елтебер-қаған руының өкілдеріне тиесілі еді, оларды қаған вассал тайпаларды билейтін лауазымдарға қойған. Сот қызметтерін бұрықтар мен тархандар атқарды. Бектер - тайпа бастықтары мен өкілдері – жергілікті жерлердегі ақсүйектер сословиесінің басты тірегі болған.

Батыс Түрік қағанатында әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардың алақұла, үстемдік ету мен бағыну түрлерінің алуан түрлі болуына қарамастан, Батыс Түрік қағанатында таптардың құрылу және ертедегі феодалдық қоғамдық қатынастардың біршама тез қалыптасу үрдісінің жүргені анық.

Лев Гумилев VII ғ. басында көтеріліс фазасында тұрған жас Суй империясы инерциялық фазаға түскен қағанаттан әлдеқайда, күшті, қуатты және бақуатты болды деп көрсетеді. 661 жылы Батыс қағанаты құласа, 741 жылы Шығыс қағанат құлады. Батыс қағанаттың орнына Ұйғыр қағанатының шығысында қытайлық провинция «Батыс аймағы» пайда болды. Олардың арасындағы соғысты автор дүниежүзілік соғыс деп атайды. Осы алапат соғыстың кесірінен екі қағанаттың екеуі де талқандалды. Сонда Батыс қағанаты біржолата жойылса, Шығыс түріктері Ордосқа көшіп барып, көк түрік атын алып, 679 жылы қағанатты қалпына келтірді. Кейін Ұйғыр қағанаты оның мұрагеріне айналды. Сөйтіп, Батыс Түрік қағанатының хронологиялық тарихын негізгі үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – оның Түрік қағанатына енген уақыты, екінші кезең – Батыс Түрік қағанатының құрылуы, үшінші кезең – Түргеш қағанатының құрылуы. Бірақ «түрік» атауы жоғалып кетпеді; ол Азияның жартысына таралды. Лев Гумилев пайымдауынша, арабтар Соғдылардан солүстікте орналасқан барлық көшпелі әскери халықтарды түріктер деп атайтын болған. Кейін бұл атау тағы да трансформацияға ұшырап тіл семьясын құрайды. Осылай VI-VII ғ.ғ Ұлы қағанат құрамына кірмеген халықтарда «түрік» атанып кетті. Кейбіреулері «моңғолоидтар» емес еді, мысалы түркімендер, аландар, әзербайжандар. Кейбіреулері Қағанаттың жауы болған халықтар еді: куриқандар-якуттардың арғы атасы, қырғыздар - хакастардың арғы атасы. Ал, үшіншілері ежелгі түріктерден бұрын қалыптасқандар, мысалы балқарлар мен чуваштар. Профессор М.И.Артамонов Лев Гумилев кандидаттығын қорғағаннан кейінгі 40- жылдары Лев Гумилев ежелгі түріктердің (ту-кью) ұрпақтары қазіргі уақытқа дейін Оңтүстік Алтайда (телес-телеңгіттер) өмір сүретінін терең талдап түсіндірді деп жазды .

Л.Н Гумилев осы кітабында:- Сібір мен Орта Азияның байырғы халықтарын Қытай мен Иранның көршілері ретінде ғана қарауды тоқтату керек. Олардың тарихы мен мәдениеті өз бетімен дербес дамыды деген даусыз қағидадан практикалық қорытынды жасайтын уақыт жетті... бүгінгі күннің, тіпті болашақтың да қайнар көзі өткен заман қатпарларында жасырынып жатыр, ал байырғы түріктер Совет Одағының көптеген халықтарының арғы тегі

емес пе!?!- деп әділін айтады. Рас, одан бері Совет Одағының өзі ыдырап кетті, бірақ одан түркі елдері тарихының маңызы кемімейді.

1967 жылы Лев Гумилевтің «Көне түріктер», кітаптың негізгі жұмысы аяқталғаннан кейін 8-9 жылдан соң және докторлық диссертациясын қорғағаннан соң 5 жылдан кейін жарыққа шықты. Бұл жөнінде Лев Гумилев кітапты докторлықты қорғағанға дейін шығаруға қатаң қысым болды деп айтты. Кітап 4800 тиражбен аз болып шықты. 1993 жылы Лев Гумилевтің кітабын «Калашников, Комаров және Ко серіктестігі» 200000 тиражбен шығарды.

Лев Гумилев еңбегінде дәстүрлі дерек үш негізде болды: Қытай, Парсы және Түріктер. Бұларды бірге қолдану қиынға соқты. Себебі әрқайсысында географиялық атаулар мен басты кейіпкерлердің аты-жөні әртүрлі берілді. Соған байланысты, Лев Гумилев есімдер мен атақтары арасында лабиринттен адаспау үшін әдістемені және негізділікті қолданды. Лев Гумилев осы үшін «зерттеушілердің түрлі көзқарастары» атты кестені құрастырды. Алайда атаулар мен есімдерден басқа да анық емес нәрселер болды. Түріктер тарихына байланысты кейбір маңызды сұрақтар талас тудырып және түсіндірмесіз қалды, соның ішінде Қағанаттың Батыс және Шығыс болып құлауының себебі.

Лев Гумилев 60 жылдары жазылған мақаласын бірінші Қағанаттың тарихының кейбір қараңғы тұстарын көрсететін дерекке арнады. Бұл түрік әдебиетінің бізге жеткен Феофилакт Симокаттың «Тарих» атты ежелгі шығармасы еді [3]. Феофилакт Симокат - Византияда Ираклийдің билігі тұсында өмір сүрген египеттік грек. Г. Вернадский оны «тарихшы ретінде оқиғаның маңызын толық бағалай алмайтын адал ғалым ретінде» суреттейді.

Бірақ, Лев Гумилев үшін «Тарихтағы» кейбір кемшіліктердің маңызы болмады. Лев Гумилевтің зерттеуіндегі басты көрініс ол 581-593 жылдары болған Қағанат ішіндегі билік үшін талас-тартыс кезеңі еді. Негізгі дерек көзі ретінде Л.Н. Гумилев Феофилакт Симокаттың «Тарих» еңбегіндегі жазылған хаттар болатын. Көп ізденіс нәтижесінде хаттың иесі - Дяньчу-Дату-хан екені анықталды. 576 жылы әкесі Иштеми хан өлген соң, оған батыстың жоғары билігі мұраға қалды және Тардуш хан атағы берілді. Хатта сондай-ақ түріктердің византиялықтарға қарсы жорықтағы жеңісі жөнінде айтылады. Бірақ Лев Гумилевтің зерттеуінің басты объектісі қағанат ішіндегі талас-тартыс, азамат соғысының шығу себептері мен салдары болып табылады. Л.Н. Гумилев бұл сюжеттердің барлығын «тарихи сын ұстанымы» бойынша зерттеп, өте маңызды анықтамалар жасады. Ұлы хан Шаболиоға деген өшпенділікпен жүрген Тардуш хан ішкі талас-тартысты азғыртушылардың бірі болғаны анықталды. Сонымен қатар, Лев Гумилев Тардуш ханға көмекке келген үш ханның есімін және ішкі талас-тартыстарға әкеп соқтырған шиеленістің шығу төркінін анықтады. Бүлік 587 жылы ұйымастырылғанымен, батыс және шығыс түріктер арасындағы соғыс 593 жылға дейін созылды. Бұның себебін Л.Н. Гумилев былай түсіндіреді: үш ханның біреуі Тардуш ханға қарсы батысқа жорық жасайды. Бұл туралы хатта айтылмаған, себебі ол 596 (597) жылы жазылған. Бұл кезде батыс және шығыс түріктер бір-бірімен бейбіт келісімге келіп қойған еді. Лев Гумилевтің пікірінше, екі тайпа арасындағы алауыздылықтың пайда болуына ешқандайда экономикалық, саяси, идеологиялық және әлеуметтік себептер әсер етпеді, керісінше олардың бірлігі олардың үстем болуы мен гүлденуін қамтамасыз етті. Екеуінің арасындағы өшпенділік соншалықты қатал болуы қағанаттың екіге бөлінуіне алып келді. Екі жаққа да қауіп төндірген күшейген Қытай (Сунь династиясы) әсер етті.

Сонымен, исламға дейінгі түрік жұртының рухани идеалы жөнінде Лев Гумилев жақсы айтқан: «Осы тұсының төтенше маңызды болатын себебі: мұнда тек мемлекеттердің тайталас күресі ғана емес, сонымен бірге мәдениеттердің күресі, екі дүниетаным мен дүниетану мөніндегі түсініктердің күресі бар. Ұлы дала өз манифесімен қытай болмау, ол тек өзінше болу құқын мөлімдеді».

Гумилевтің ой-пікірінше, орда мен тайпалардың қатар өмір сүруінің бір түрі. Бұл жүйе қағанаттың күші мен әлсіздігінің өлшемі сияқты еді. Еншілік-таспихтық жүйе дегеніміз билікті әкеден балаға мирас етіп қалдыру емес, ағадан ініге қалдыру, оның айрықша назар аударатыны - ол түріктермен тектес көптеген халықтарға тарайды және печенегтер арқылы

оны Байырғы Русьтер де қабылдайды. Автор көне түріктердің қоғамдық құрылысын «әскери демократия» деп атайды. Бұл термин ақылға қонымды, бірақ өзіндік ерекшеліктеріне орай, ол германдарда, терістік америка индейлері мен Азияның көшпелі халықтарында әртүрлі болып келеді. Десек те, сарбаздар қоғамның негізін құрайтын болған.

Гумилев түріктердің идеялық жағынан өздерін – айналасын қоршаған елдерге қарсы қойып отырғанын бірнеше рет атап өтеді. Бәрінен бұрын Қытай мәдениетінің қысымы қатты еді, мақсаты-Даланы өз ықпалына келтіру. Екінші қағанат кезінде айбынды пассейзм-өткенді аңсау идеясы басым болды. Мұның үстіне ислам факторы да елеулі рөл атқарды. Таң империясы мен арап халифатының Орта Азияға өз ықпалын жүргізу жолындағы бақастығы күшейеді. Әуелі түріктер, сосын олардың орнын басқан түргештер арабтарға жанқиярлықпен қарсы тұрды. Хош, сонымен түрік халықтарын ислам аясына алу әрекеті VIII ғасырда жүзеге аспайды. Мәселен, түргеш ханы Сұлу халифтың елшісіне: менің бодандарым – шаштараз да, ұста да, тігінші де емес, жауынгерлер, сол себепті де ислам оларға лайықсыз, - деп мәлімдейді.

Гумилев оның сөзін өз еңбектерінде бірнеше мәрте келтіріп, мұсылман дінінің көшпелі халықтар заңы мен биоритміне сәйкес келмейтінін білдіреді. Ал, сонда күллі түрік халықтарының түгелдей мұсылман болғаны қалай? - деген сұрақ туады. Автор бұған тікелей жауап бермейді, бірақ ел билеуші хандардың қалауы, талғап-таңдауы мәселесін алға тартады. Мұның үстіне түріктер көрші халықтармен тіл табыса білген. Байырғы түріктер туралы кітап манихей дініне табынған Ұйғырстанның күйреуімен аяқталады.

Әсіресе, түріктердің қоғамдық тұрмысы мен әлеуметтік институттарының маңызы зор: ел, еншілік-таспихтық жүйе, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдерінің идеологиялық жүйелеріне қарама-қарсы қоятын мұқият әзірленген дүниетанымының болғандығы таң қалдырады.

«Дегенмен «түрік» аты өшпеді. Қайта ол өршіп, Азияның жартысына тарады. Араптар Согдиананың теріскейінен әрі қарай жатқан қалың жауынгер көшпелілерді түріктер деп атап кетті де, олар осынау атты шын көңілден қабылдап алды, өйткені оның әуелгі иелері жер бетінен құрып кеткеннен кейін, дала тұрғындары үшін ержүректік пен батырлықтың өшпес үлгісіне айналды. Жүре келе бұл термин тағы бір құбылып, тіл ұясының атауына айналды. Сөйтіп VI—VII ғғ. ұлы қағанат құрамына ешқашанда кірмеген көптеген халықтар «түрік» болып кетті. Олардың кейбіреулері, мәселенки, түрікпендер, османдар, азербайжандар сияқты, тіпті моңғолтектілерден еместі», - деп жазды Л.Н.Гумилев [1, 8].

Дала түріктерінің осындай асқақ та, еркіндік сүйгіш қасиеті сансыз мемлекеттерге бөлініп кетсе де, оның әрқайсысында сақталып, бәріне ортақ тіліндей, бәріне ортақ жеріндей, аса қымбат жан түкпірінде сақталатын бабалар аманатындай қастерлі болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Аудармашылар: Ә. Жұмабаев, П. Бейсенов. – Алматы: «Білім» баспасы, 1994. - 476 б.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - М: АСТ: Астрель, 2010. – 575 б.
3. Гумилев Л.Н. Этногенез теориясы. Ғылыми жинақ. Құрастырушы Исакова К.И. Астана: ЕҰУАББ, 2012 - 160 б.
4. Гумилев. Л.Н. Хунну. - С.-Петербург, 1993.